

**Жарқайың ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 шілдедегі № А-7/344 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 шілдеде № 1-12-174 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № А-4/119 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 11.04.2016 № А-4/119 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жарқайың ауданында – атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының үш пайыз мөлшерінде белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 10.02.2015 № А-2/20 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген

күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жарқайың ауданының әкімі*

*Т.Хамитов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК